

# ТУУ

ЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ЖЕК КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

*Облысымыздың әрбір кәсіпорнының, колхозы мен совхозының, машина-трактор станциясының, әрбір сауда орнының күнбе-күнгі өндірістік жұмысы жаңа бесжылдық тапсырмаларын творчестволық еңбек ету арқылы ойдағыдай орындау мақсатына толық сай болсын.*

## МЕТІН Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 1952 жылы халық шаруашылық жоспарын орындаудың қорытындылары туралы

### Солтүстік Қазақстан облыстық Статистика Басқармасының хабары

заттай ал-  
ды кейбір  
арды толық  
ше атап  
ының қата-  
артельдері  
тары бар.  
жалпы өні-  
арын Орта-  
ды, электр  
ды, кіршіні  
ай өндірісі  
а, қалалық  
май, мемле-  
тып қылып  
олардың  
ы міндеті—  
да болған  
ойып, жү-  
ту, күнбе-  
дайым асы-  
сапа жағы-  
ш табылады.  
дау үшін  
басшылары,  
ұйымдары  
ы сатыға

1952 жылы өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының өркендеуі және товар айналымының ұлғаюы мынадай мәліметтермен сипатталады:

#### I.

Облыс көлеміндегі өнеркәсіптің жалпы өнім мөлшері 1951 жылғыға қарағанда 1952 жылы 115 процент болды.

Өнеркәсіптің 1952 жылғы жалпы өнім шығару жоспары 101,3 процент орындалды.

Облыс өнеркәсіп орындары өнеркәсіптің 1952 жылғы жалпы өнім шығару жоспарын мынадай мөлшерде орындады:

Жылдық жоспардың орындалу проценті:	
Электр өнеркәсібі министрлігінің заводы	99,2
Орталық жылыту электр станциясы	97
Шағын двигателдер заводы	106
Ет комбинаты	102
«Главмука» завод басқармасының дирекциялары	116
Оның ішінде:	

Приешім май өндірісі орны	93
Конюхов май өндірісі орны	102
Мамлют май өндірісі орны	94
Петропавл май базасы	117
Арақ -шарап комбинаты	102
Сыра заводы	121
Пан комбинаты	114
Темекі фабрикасы	112
Мамлют механика заводы	77
Облыстық баспахана	102
Облыстық орман шаруашылығы басқармасы	154
Облыстық автомобиль басқармасының жөндеу мастерксіы	119
Қалалық су проводы	114
Облыстық жергілікті өнеркәсіп	108
Оның ішінде:	
аудандық өндіріс комбинаттары	
Октябрь	121
Ленин	117
Приешім	123

Киров атындағы артель	105
«Қазақ ССР-нің 15 жылдығы»	107
«Друг кооперации»	57
«Керамик»	108
Облыстық кооперативтік мүгедектер одағы	104
Оның ішінде артельдер:	
«Қазақ ССР-нің 10 жылдығы»	113
«Ударник»	119
«9 Май»	113
Панфилов атындағы артель	62
«Красный партизан»	109
«Охотник»	119
«Пишевик»	108
Жалпы өнім шығару жөніндегі жылдық жоспарды толық және асыра орындаумен қатар, жекелеген кәсіпорындары: «Кож-химик», «Молот», «Прогресс», «Деревобделочник», «Красный кирпич», «Светлый луч», «Ишим», «Красная звезда»,	

Ағаш тасу	139
Тоқыма іш киімдер	100,3
Ұйық-шұлық заттары	100
Сабын	120

#### III.

1952 жылы егіс егілетін егістік жер көлемі 1951 жылғымен салыстырғанда колхоздар бойынша 8 процент және Қазақ ССР совхоздар министрлігінің совхоздары бойынша 6 процент ұлғайды.

Өте-мөте бағалы дөңді дақыл — бидай егісінің көлемі 1951 жылғымен салыстырғанда колхоздарда 16 процент және совхоздарда 10 процент ұлғайды.

Облыс колхоздарында мал азығындық дақылдар егісі 1951 жылғыдан 3 процент артты.

Ауыл шаруашылығының жаңа техникамен қарулануының өсуі 1952 жылы жер жырту жұмысының 99 процентін, егіс егуде жұмыстың 97 процентін, егін жыйнауда жұмыстың 99,2 процентін және мал азығын дайындауда жұмыстың 79 процентін механикаландыруға мүмкіншілік берді.

жақсы нәтижелерге жетті. Бұлардың ішінде жылдық жоспарды артығымен орындаған «1 Май», Сталин атындағы, «Екпінді» Киров атындағы, «9 Май» және басқа артельдер бар.

Көптеген кәсіпорындары азық-түлік заттарын өндіруде өткен жылы айтарлықтай табыстарға жетті. Мұны хабарда келтірілген фактілер мен цифрлар толық дәлелдейді. Мұның өзі халқымыздың әл-ауқаты және мәдениет дәрежесін барған сайын арттыра түсу жөнінде қойылып отырған талаптарға, негізгі міндеттерге сәйкес жұмыс істеліп, жақсы нәтижелерге қол жетіп отырғандығын көрсетеді.

Облысымызда 1952 жылғы халық шаруашылық жоспарын орындауда осындай зор табыстар және игі нәтижелермен қа-

лық жоспары облысымыздың өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда орындары қызметкерлерінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Бұл міндеттер сталиндік бесінші бесжылдық жоспарды әброймен орындау жөнінде партиямыздың тарихи ХІХ съезі алға қойған ұлы міндеттерден туып отыр. Сондықтан облысымыздың әрбір кәсіпорнының, колхозы мен совхозының, машина-трактор станциясының, әрбір сауда орнының күнбе-күнгі өндірістік жұмысы жаңа бесжылдық тапсырмаларын творчестволық еңбек ету арқылы ойдағыдай орындау мақсатына толық сай болсын. Бұл үшін өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығында социалистік жарысты бұрынғыдан да кеңінен өрістететін болайық!

## Сталинград түбіндегі ұлы жеңістің он жылдығы

КИЕВ. Қала еңбекшілері Сталинград түбінде неміс-фашист әскерлерін талқандаудың он жылдығын кеңінен атап өтті. Клубтарда, көптеген үгіт пункттерінде, әскери бөлімдерде және әскери училищелерде Сталинград түбіндегі шайқастың бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы туралы лекциялар және әңгімелер өткізілді. Крупская атындағы және Январь көтерілісі

атындағы кітапханаларда және басқа кітапханаларда даңқты күнге арналған көрмелер ашылды.

Совет Армиясының жүздеген жауынгерлері, көптеген жұмысшылар мен студенттер Киевтің тарихи музейінде болды. Ұлы шайқасты бейнелейтін картиналарды, фотосуреттерді, жазылған документтерді олар қызыға көрді.

## Балықшы колхоздың табысы

ВЛАДИВОСТОК, 2 февраль. (СОТА). Владивосток село ауданындағы «Дальневосточник» балықшы колхозында январь айы жұмысының алғашқы қорытындылары шығарылды. Ол қорытындылар колхоз экономикасының едәуір ыңғайғандығын және балықшылардың әл-ауқат дәрежесінің одан әрі өскендігін көрсетеді.

Балықшы звенолардың стахановтық еңбегінің нәтижесінде артель айлық тапсыр-

маны орындап қана қойған жоқ, сонымен бірге, бүкіл қысқы маусымға белгіленген жоспардағыдан мемлекетке 7500 пұт балықты артық берді. Тек жоспардан тыс ұсталған балық үшін колхоз сыйлық ретінде төленетін қосымша ақыға 146 мың сом алады. Артельдің балық аулаудан түсіретін жалпы табысы январь айында бүкіл өткен жылғы табыстан 50 мың сом асты.

## ЖОСПАРДАН ТЫС 30 МЫҢ ПАР АЯККИМ

ЛЕНИНГРАД, 2 февраль. (СОТА). Бүгін қаланың аяккиім өндіретін кәсіпорындарында январь айының қорытындысы шығарылды. «Скороход», № 1 және № 2 «Пролетарская победа» фабрикаларының

коллективтері айлық тапсырманы зор табыспен орындады.

Ленинград аяккиім жасаушылары январьда елімізге жоспардан тыс 30 мың пар аяккиім берді.

## Қос орденді комбайншы

Колхозды селоның егіс даласына қыр көмесі —комбайн алғашқы келгенде Михаил оның техникасын меңгеруді, сөйтіп, механизатор болуды мақсат еткен-ді. Ол мақсатына жетті. Қим жолдас 1939 жылы арнаулы мектепті бітіріп, комбайншы болды. Содан бері 13 жыл өтті. Бұл жылдардың бәрі Михаил Қим үшін өнімді еңбек жылдары болды. 1950 жылы ол «СТАЛИНЕЦ —6» комбайнымен бір маусымда 760 гектар егін орып, 13 мың центнерден астам астық бастырды. Совет үкметі оның еңбегін жоғары бағалап, Ленин орденімен наградтады. Жоғарғы наград Михаилдың еңбекке деген ынтасын бұрынғыдан да арттырды. Ол 1951 жылы «СТАЛИНЕЦ —6» қос комбайнымен жұмыс істеп, егін ору және астық бастыру жөніндегі социалистік міндеттемесін асыра орындап, стахановтық еңбектің үлгісін тағы бір көрсетті. Михаил Ленин орденімен екінші рет наградталды.

Бәзір Михаил Қим жолдас 1953 жылдың егін орағына әзірленуде. Ол өз комбайндарын сапалы жөндеуден өткізіп, көзір механизаторлардың қысқа уақыттық күрсінде оқып жүр. Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелинің мүшелері (Петропавл ауданы) өздерінің сайлау алдындағы жыйналысында Бескөл селолық Советінің депутаттығына кандидаттыққа Михаил Қим жолдасын есімін бірінші атады.

Ивашенко жолдасын ұсынысы жыйналыстың зор қолдауын тапты.

Осы сыяқты, жыйналысқа қатысушылар селолық Советтің депутаттығына кандидаттыққа бірнеше таңдаулы адамдарын ұсынды. Олардың ішінде колхоз председателі Д. Ф. Влекотюк, трактор бригадасының бригадирі М. К. Ивашенко, қармал фермасының меңгерушісі И. Ваискерберг, бастауыш партия ұйымының секретары Аблатусов, Петропавл МТС-нің директоры Любер жолдастардың кандидату-разары бар.

## Комбинат коллективінің ка

Қаладағы А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының мейрамдағыдай бөселген клубына жұмысшылар, мастерлер мен инженер-техник қызметкерлері жыйналды. Олар Сталиндік Конституцияда берілген ұлы праволарын —қалалық Советтің депутаттығына өздерінің кандидаттары атып етуге келді.

Комбинат партия ұйымы секретары Ануфриев жолдас жыйналысты ашып, былай деді:

—Өзіміздің бақытты тұрмысымыз үшін біз ең алдымен Коммунистік партия мен кеменгер көсеміміз Сталин жолдасқа борыштымыз. Ұлы көсем бізге творчестволық еңбектің қайнаған көзін ашты. Сондықтан да республикамыздың еңбекшілері жергілікті Советтердің депутаттығына бірінші кандидат етіп Сталин жолдасын ұсынуға. Ұлы көсемнің есімі совет адамдарын қажырлы еңбекке жігерлендіреді.

Бұдан сөз алып сөйлеген упаковка жасайтын цехтың начальнигі Сквородец қалалық Советтің депутаттығына № 110 сайлау округі бойынша комбинаттың таңдаулы стахановшысы, ет сылудың мастері Уәйіс Ибраев жолдасын кандидатурасын ұсынды.

—Ибраев жолдас,—деді ол өзінің сөзінде,—біздің комбинатта 20 жылдан артық уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Қатардағы жұмысшыдан ет сылу мастеріне дейін көтерілген ол, өзінің озат жұмысымен басқаларға үлгі болуда. Ол өзінің өндіріс-

тік жұмысын байланыстыра, мі көмек көрсетеді. Комбинаттің еңбекшілері ондай

Мінбеде қолының бірі —Н

—Мен қала. № 108 сайлауының таңдаулы цехының басты Прокопьевна Ітурасын ұсыншы, сергек жолдас біздің алады. Оған,лік, айлық, үнемі асыра о

Мұнан соң лаушылар № қалалық Советтің еңбекшілерінің пайұлы Оспан округі бойынша Министрлігінің тығының оры Нұрланов жол

Комбинат қолдары мен қпанов, Нұрлан тураларын бір Жыйналыс

## Колхоз председателі—

Приешім ауданындағы «Борьба» колхозының председателі И. А. Лямкин жолдас колхозшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысқа белсене қатысады. Ол колхозшыларға партиямыздың ХІХ съезінің қарарларын, сайлау материалдарын кеңінен түсіндіруде. Лямкин жолдас үгіт пунктінде сайлаушылармен сайлау Ережесі, Сталиндік Конституция жөнінде әңгіме

өткізіп, жазуы деген ро оқу ұйымдаст

Колхозшыла жұмыстың ойның нәтижесі үлгілі өткізілу қарқыны арта

# Үгіт кең өрістетілсін ★ Бар, істелген жұмыс жоқ

уа» меке-  
а) маңдай-  
участогінің  
н көзге тү-  
бөзедіріл-  
үмет бас-  
андар мен  
аң үстінде  
лікті Со-  
э debateттер  
пунктінде

емес. Үгіт  
кешке бар-  
көзекшіні  
бір күні  
інің секрет-  
десіп, әңгі-

келіп, ал-  
отырмып.

ардың, сон-  
комиссия-  
ған жоқ.  
ғым, — деп

«Главмук  
арник» кө-  
ылдық мек-  
ретарьлары  
сая, Ди-  
частегіндегі  
яси- бұқа-  
сап, көмек-  
і. Атал-  
ретарьлары  
ғана қана-  
пікірімізді  
ға оқта-

тың тапсырылған істің орындалуын ба-  
қыламауының салдарынан үгітшілердің  
көпшілігі сайлаушылар арасында небары  
бір-ақ рет болумен істі бітіріп отыр. Му-  
ның өзінде олар әңгіме өткізген жоқ, тек  
сайлаушылардың тізімін алып кете ба-  
рыпты. Жақында үгіт пунктінің меңгеру-  
шісі Орлова жолдас Шкловская жолдастан  
үгіт пунктінде сайлаушылар үшін лекция  
оқуға көмектесуді тілек етті. Бірақ, Шк-  
ловская жолдас неге өкени белгісіз оның  
тілегін орындауды қажет деп таппады.  
Ал, «Тракторбыт», «Ударник» кәсіпші-  
лік артели партия ұйымдарының да сай-  
лау участогіндегі, үгіт пунктіндегі саяси-  
бұқаралық жұмысқа көмектесуі мүлде қана-  
ғаттанғысыз.

Үгіт пунктінде сайлаушылардың бол-  
мауы, сондай-ақ бірешыра сайлаушылар-  
дың өз үйлерінде үгітшілерді көрмеуі мі-  
не, осыдан.  
Бастауыш партия ұйымдары өздерінің  
қамтуындағы сайлау участогінің үгіт  
пунктіндегі саяси- бұқаралық жұмысты  
жақсартып, оның үздіксіз жүргізілуін  
қамтамасыз етуге міндетті. Олар үгітшілер  
тобы мен үгіт пунктінің жұмыстарына  
басшылық және бақылау ісін мейлінше  
күшейтуге тиіс.

Үгітшілер өз кубиктеріндегі сайлаушы-  
лар арасында жиі болып, сайлаушыларға  
партияның XIX съезі қарарларын, совет-  
тік сайлау системасын, жергілікті Совет-  
тердің депутаттығына ұсынылған канди-  
даттарды таныстыру жөнінде мазмұнды  
әңгімелер өткізетін болуы керек. Ал, үгіт  
пункті үгіт-бұқаралық жұмыстың орталы-  
ғы болуға тиіс. Онда тек әңгімелер өткі-  
зіліп ғана қойылмай, сонымен бірге сай-

## Колхоздардағы есеп беру-сайлау жыйналыстары

### Сын мен өзара сын жағдайында өтті

Іріленген «Красная крепость» ауыл-  
шаруашылық артелинің мүшелері есеп  
беру-сайлау жыйналысында колхоз пред-  
седателі Константинов жолдасын баянда-  
масын тыңдап, бір жылғы жұмыс қоры-  
тындысын кеңінен талқылады.

Өткен 1951 жылмен салыстырғанда,  
1952 жылы колхозда егіс көлемі 21 про-  
цент ұлғайтылған. Оның ішінде негізгі  
дәнді дақыл — бидай егісінің көлемі 35  
процент арттырылған. Колхоздың бөлін-  
бейтін қорларының мөлшері молая түсті.  
Колхоз мемлекет алдындағы бірінші па-  
рыз — астық дайындау жоспарын арты-  
ғымен орындады. Жоспар бойынша әрбір  
сауын сыйырдан 1400 литр орнына 1482  
литрден сүт алынды.

Бірталай құрылыс жұмыстары жүргі-  
зілген, стандартты мал қоралары, 300 кі-  
сілік клуб салынған.

Алайда, колхоз басқармасының шару-  
ашылыққа басшылығында елеулі кемші-  
ліктер бар. Басқарма мүшелері колхоз  
өндірісінің негізгі салаларына жеткілікті  
басшылық жасай алмады. Соның салда-  
рынан мал және егін шаруашылығы жө-  
нінде жасалған өндірістік жоспар толық  
орындалмаған. Колхозшылар колхоз өнді-  
рісін өркендетуге түгел қатыстырылма-  
ды. 20 колхозшы тиісті еңбеккүн мини-  
мумын ташпаған.

Баяндама бойынша жарыссөзге шығып  
сөйлеген колхозшылардың бәрі колхоз  
басқармасының шаруашылыққа басшылы-  
ғындағы кемшіліктеріне кеңінен тоқтал-  
ды. Мұнымен қатар, олар колхоздың  
қоғамдық шаруашылығын барған сайын  
өркендету жөнінде бағалы ұсыныстар жа-  
сады.

— Колхоздың басқарма мүшелері, —  
деді колхозшы Гусельников жолдас. —

тәртібінің төмен болуының негізгі себебі,  
міне осы. 20 адамның тиісті еңбеккүн  
минимумын ташпауы, 4 адамның жұмыс-  
қа мүлде қатыспауы да осының салдары-  
нан болып отыр.

Колхоз — үлкен шаруашылық. Ал,  
мұндай күрделі шаруашылықты жоспар-  
сыз жүргізу мүмкін емес. Колхоз басқар-  
масы тарапынан әрбір жұмысты жасалған  
өндірістік жоспар бойынша жүргізуге жө-  
те көңіл бөлінбейді. Шаруашылық жұмыс-  
тары бір-бірімен ұштастырыла жүргізіл-  
мей келеді. Бір жұмыс қолға алынса,  
екінші бір маңызды жұмыс мүлде ұмыт  
қалады. Сөйтіп жылдық өндірістік жос-  
пар қанағаттанғысыз орындалады.

Тексеру комиссиясының жұмысында үл-  
кен кемшілік бар, — деді ол. — Комиссия  
тиісті тексеру жұмыстарын тоқсан сайын  
жүргізіп, тексеріс қорытындыларын кол-  
хозшыларға естіртіп отырмайды.

Будан кейін Боньшков жолдас колхоз-  
бен жасасқан шартты қанағаттанғысыз  
орындағаны үшін Чистяк МТС-нің басшы-  
ларын қатты сынға алды. МТС дала жұ-  
мыстарын шартта көрсетілген мерзімде  
орындамайды. Машиналар көбінесе техни-  
калық жағынан жарамсыз болып жұмыс-  
қа қосылмай тұрады.

Колхозшы Осиев жолдас өзінің сөзінде  
колхоз басшыларының егін шаруашылы-  
ғының мәдениетін көтеру жөнінде жеткі-  
лікті күрес жүргізбей отырғанын айтты.

— Біз, — деді ол, — егіннен әлі де  
болса мол өнім ала алмай келеміз. Мұның  
басты себебі сол — егістік алаңды бантап  
күту ісі нашар. Минералды және жергі-  
лікті тыңайтқыштар жеткілікті жыйнал-  
майды, қар тоқтату жұмыстары ойдағы-  
дай жүргізілмейді, шөп танапты ауыспа-  
лы егіс жүйесін де қанағаттанғысыз мен-

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 2 февраль. (СОТА). Корея  
Халық-Демократиялық Республикасы Ха-  
лық армиясының Бас командованнесі 2  
февральда майдандарда өткен күні ерек-  
ше өзгерістер болған жоқ деп хабарлады.  
Халық армиясының және қытай халық  
еріктілерінің құрамалары жергілікті ма-  
нызы бар ұрыстар жүргізген.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімде-  
рі және жау самолеттерін атқыштар жау-  
дың үш самолетін атып түсірді және екі  
самолетін зияндады.

### АНГЛИЯДАҒЫ ЖӘНЕ ГОЛЛАНДИЯДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

ПАРИЖ, 2 февраль. (СОТА). Франс  
Пресс агенттігінің тілшісі Лондоннан мы-  
надай хабар берді:

Англия соңғы бірнеше ғасырлар бойына  
ешқашан да мұндай хатерлі жағдайға  
дейін өрістеген су тасқынын білген жоқ-  
ты. Англияның шығыс жақ жағалауында  
тасқыннан шығынға ұшырамаған бірде-бір  
елді пункттер жоқ, көптеген елді пункттер  
түгелінен жойылып кеткен.

Әлі толық шығарылмаған мәліметтер  
бойынша су тасқынының салдарынан  
Англияда 350 адам өлген. Бірнеше жүз  
адамның қайда кеткені белгісіз.

ПАРИЖ, 2 февраль. (СОТА). Франс  
Пресс агенттігі тілшісінің хабарына қара-  
ғанда, үздіксіз созылудағы дауылдың сал-  
дарынан Роттердам қырап, бүлінуде көрі-  
неді. Роттердам порты жабық жатыр,  
оның айналасы жақын жердегі қыраған  
мұнай тазарту зауыдынан шыққан май  
мен мұнайға толып кеткен. Орталық  
электр станциясы суға толған. Жел өрше-  
лене соғуда. Роттердамдағы бүлінушіл  
өте-мөте зор.

Үгітшілерге көмек

## СОВЕТ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ПРАВОЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

ССРО Конституциясының негізгі өзгешеліктері, Сталин жолдас айтқандай, мынада: ол өткен жолдың қырытындысы болып табылады, қол жеткен табыстардың қырытындысы болып табылады, оның басты негіздері — социализмнің принциптері, оның негізгі тірегі, жеңіп алынған жүзеге асырылған табыстар, ол біздің қоғамымызда бір-біріне дос екі тап, яғни жұмысшы табы мен шаруалар қалды, жұмысшы табы қоғамға өзінің басшылығын жүзеге асырып отырады, ол негізінен интернационалшыл дегенге сүйенеді.

Сталиндік Конституцияның негізгі сыйпаты — оның дәйекті және ақырына дейінгі баянды демократияшылдығы.

Еңбек ету правосы, тынығу правосы, қартайғанда, сол сыяқты ауырып қалғанда, жұмысқа жарамсыз болған уақытта қамтамасыз етілу правосы, оқып білім алу правосы, шаруашылық, мемлекеттік, мәдени және қоғамдық-саяси тұрмыстың барлық салаларында әйелдерге ерекшелікпен бірдей тең право берілуі, өзін бостандығы, сөз, баспасөз, жыйналыс және митингі, көшелерде салтанат жасау, демонстрация жасау бостандығы, қоғамдық ұйымдарға бірігу правосы, адамның өз басына ешкімнің тимеуін қамтамасыз ету заңның пәтер-үйге ешкім тимеуін қорғауы, заңның хат-хабар алысу құпиясын қорғауы, — міне осының бәрі совет тұрмысында нақты жүзеге асырылды, осының бәрі Сталиндік Конституция бойынша заң жүзінде қолданылатын болды.

Капиталистік мемлекет құрылысы капиталистік барлардың, аттөбеліндей қанаушы азшылықтың өз табыстарын үсті-үстіне молайта беру правосын қорғайды, ал,

қаналушы, езілуші еңбекшілер бұқарасы — қоғамның бүкіл материалдық игіліктерін тікелей өндіруші адамдарды қаналуға ғана жарамлы шикі материал деп есептеп оларды барлық праволардан іс жүзінде толық айырып, оларға, еңбекшілерге капиталист шонжарлардың байлығын молайта беру үшін еңбек істей беру «міндетін» ғана қалдырады.

Еңбек ету правосы Сталиндік Конституция бойынша барлық совет азаматтарына беріледі және жүзеге асырылады. Бұл правосы пайдаланып, совет азаматтары өз еңбегінің санына және сапасына қарай тиісті ақы алады. Еңбек ету правосы еліміздің халық шаруашылығын социалистік жолмен дамыту, қоғамның өндіргіш күштерін үздіксіз өркендету, еспциалистік системаның елімізде дағдарыстар мен жұмыссыздықтың алде қашан жойғандығы арқылы жүзеге асырылады.

Тынығу правосы да — совет адамдарының алға қарай даму жолында жеңіп алған праволарының бірі. Конституциямыз тынығу правосын жариялап қана қойған жоқ, оны қалай жүзеге асыру жолдарын да белгілеп берді.

Еңбекшілердің тынығу правосын жүзеге асыру үшін үкметіміз ең қысқа жұмыс күні уақытын белгіледі, жұмысшылар мен қызметкерлерге апта сайынғы демалыс күндерінен басқа жылына бір рет еңбек-ақысын саяттай отырып, демалыс беріледі, сонымен қабат, еңбекшілердің мәдениетті тынығу хажетін өтеу мәселесіне күнбе-күн қамқорлық жасалады.

Ал, капитал елдерінде жағдай мүлдем өзгеше, оларда жұмысшылардың өмірі ең-

бек етуде ғана емес, сол сыяқты, тынығуда да қожайынның өркі мен зорлығына байданысты. Капиталистік елдердегі еңбекшілердің ауыр азапты өмірі еңбек адамын тынығу жөнінде ойлатпайды да.

Сталиндік Конституция азаматтардың қартайғанда, сол сыяқты, науқастанғанда және жұмысқа жармай қалғанда жәрдем алып, қамсыздану правосын да бекітіп береді. Мемлекетіміз жұмысшылар мен қызметкерлерге қартайғанда, немесе олар түрлі себептермен еңбек істеу мүмкіншілігінен айырылғанда әртүрлі мөлшерде ақшалай көмек көрсетіп отырады. Колхозшылар да қартайғанда, немесе науқастанғанда, еңбекке жарамдылығынан айырылғанда, артель Уставына сәйкес, өз колхозынан арнаулы қордан тұрмысын қамтамасыз ететін көмек алады.

Капиталистік елдерде мұның бірі де жоқ екенін дәлелдеу үшін Михаил Иванович Калининнің капиталистік заводтыңда істеп жүргендегі өмірі туралы айтқан мына бір сөзін келтірсек жеткілікті: «Заводта істеп жүргенімде бір рет ауырып қалдым, — деді Михаил Иванович — «Свет» өкметі еңбекшілерге не берді» деген кітабында. — Екі ай сырқаттандым, осы мерзімнің ішінде қамсыздандыру кассасынан небары 15 сом алдым... Екі ай бойы сырқаттануым, бұрынғының сөзімен айтқанда, мені тап-таза жұрдай етіп шығарды».

Совет азаматтарына оқып білім алу правосы берілген. Өркімнің оқып білім алуы үшін елімізде мыңдаған бастауыш, жеті-жылдық, орта мектептер, жоғарғы оқу орындары ашылды. Мұнымен бірге, мемлекетіміз фабрика-завод оқу мектептерін, қолөнер училищелерін, колхоз, совхоздар және МТС-тер жанында қысқа мерзімді техникалық және агрономиялық, зоотехникалық оқуларды тегін ұйымдастырады. Сол сыяқты, арнаулы орта және жоғары дәрежелі мектептерде сырттан оқу, кешкі мектептер ашу да кеңінен өрістетілген.

Бәзір біздің елімізде селолық жерде жеті-жылдық, қалалық жерде орта дәрежелі міндетті оқу заңы және политехникалық оқу жүзеге асырылуда.

Ал, капитал елдерінде жағдай мүлдем өзгеше. Мәселен, патшалық Россияда оқып білім алуға капиталистер мен помещиктердің айырықша правосы болды. Еңбекшілердің балалары үшін орта және жоғарғы оқу орындарының есігі жабық болатын. Буржуазия фабрикалар мен заводтарда хат танығтын адамсыз жұмыс істеу, демек, өзінің пайдасын үсті-үстіне молайта беру мүмкін болмағандықтан ғана еңбекшілерге бастауыш және төмен дәрежелі техникалық мектептерде оқуға амалсыздан рұқсат береді. Отар және жартылай отар елдерде жағдай бұдан да нашар, олардағы халықтың басым көпшілігі мүлдем сауатсыз.

Сталиндік Конституция совет азаматтарына саяси бостандықтар және басқа праволар да берді. Бізде азаматтардың саяси бостандықтары мен праволары советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктерімен қамтамасыз етіледі. Совет елінің азаматтары пайдаланатын саяси бостандықтар мен праволар бірде-бір капитал елінде жоқ және болуы да мүмкін емес.

Дүниежүзіндегі ең демократияшыл тек Сталиндік Конституция ғана мемлекеттік, шаруашылық, мәдениет және қоғамдық өмірдің барлық салаларында әйелдерге ерекшелікпен бірдей тең право берді. Сонымен бірге, Сталиндік Конституция совет адамдарына саяси өмірдің барлық салаларында ұлты мен нәсіліне қарамастан тең право берді.

Буржуазиялық демократия жайлаған капиталистік елдерде бұдан ешнәрсе жоқ. Буржуазия өзінің қанаушылық саясатын жүзеге асыру үшін, еңбекшілердің таптық жүресін әлсірету үшін ұлт араздығын өршітеді, нәсілшілдік теорияны уағыздайды, әйелдерді саяси өмірге араластырмайды, оларға үй ішіндегі күш деп қарайды.

Сталиндік Конституция осындай теңдік, өте-өте жоғары деңгейде жүктейді. Ақыры — Конституцияны әброймен оқыды.

Советтік мемлекетіміз елімізде коммунистік істеу, еңбек совет заңдарының адамдарының ақатар, ССРО Конституциядан өз жеке бағам мүддесін зерттеу, тік қоғам мүддесін тигізушілермен бірге.

Сол сыяқты, тұрмыс ережелері, жүріс-тұрыс. Бұл ережелерді әрбір азаматтың адамдары социализмнің негізгі құралы ретінде негізінен өзінің өміріне қажетті керек. Мұнда — ССРО Конституция міндеті.

Қазақ ССР-інің жергілікті Советі сайлауына өзін еңбекте зор өркімен. Еңбекшілер бұл конституцияда берілген отырып, коммунистік жүйедегі ең дамып жасаушы ұжым Сталин жолын мұнша орнатуға тегін тағы берді.